



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

качества больше на 7%. По показателю сила воли наблюдается на 9 % у девочек больше проявления высокого уровня чем у мальчиков.

Средний уровень самооценки упорства у девочек составляет 71% и это на 11% больше чем у мальчиков, а вот высокий уровень у мальчиков составляет 40% и это на 11% больше, чем у девочек, то есть у девочек и у мальчиков упорство находится в основном на среднем уровне.

Средний уровень самооценки настойчивости у девочек составляет 57% и это на 7% больше чем у мальчиков, а высокий уровень у мальчиков составляет 50% и это на 7% больше чем у девочек, то есть у девочек преобладает средний уровень выраженности настойчивости, а у мальчиков средний и высокий уровень проявления настойчивости выражены одинаково.

Таким образом, по результатам проведенного теоретического и эмпирического исследования по проблеме исследования волевых качеств личности подростков можно отметить следующее:

- в подростковом возрасте преобладает эмоциональная сфера над волевой, что проявляется, например, в эмоциональной неустойчивости, раздражительности и даже агрессивности;

- подросткам свойственно стремление к самоутверждению, к показу своей самостоятельности. Для подростка воля как черта характера стоит на одном из первых мест. Волевые люди становятся для него идеалом, на который он хотел бы походить;

- подростковый возраст – сензитивный период для развития волевой сферы личности;

- существуют различия в проявлении волевых качеств личности у мальчиков и девочек подростков.

Список использованных источников

1. Крайг, Г. Психология развития./ Г.Крайг : перевод с английского; - Питер, 2001.
2. Колесов, Д.П. Современный подросток. Взросление и пол.: Учебное пособие./ Д.П. Колесов. – М.: МПСИ Флинта, 2003.
3. Детская психология методические указания автор-составитель Р.П. Ефимкина: Новосибирск: Научно-учебный центр психологии НГУ, 1995.
4. Ильин Е.П. Психология воли. – СПб. – 2009. – 368.

УДК ЭОЖ 159.9:355.1-053.6

ӘСКЕРІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ОҚЫТУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Хасанова Айгерим Сериковна

aiserikovna@mail.ru

Халметова Юлдуз Фуркатқызы

yulduz_19.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-2 курс магистранттары,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қазіргі заманғы жағдайларда әскери қызметкерлерді оқыту мен тәрбиелеудің басты міндеті әрбір жауынгерлерде, жауынгерлік ұжымда батырлық, моралді-психологиялық және физикалық сапаларды қалыптастыру және жоғары жауынгерлік шеберлікті, рухани тұрақтылықты, күшті ерік пен кез келген жағдайда жеңіске ұмтылушы тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Жоғары әскери-оқу орындарында тәрбиелік әрекет білім беру әрекетінің ажырамас құрамдас бөлігі.

Қазақстан Республикасы әскери доктрина және әскери құрылыс тұжырымдамасында: «Біз – егеменді мемлекетпіз және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселері ішкі және

сыртқы саясаттың жалпы құрылымының өзегі болуға тиіс. Сондықтан бізге қазіргі заманғы қару-жарақпен жарақтанған, жоғарғы даярлықтан өткен, жақсы үйретілген, біздің егемендік мүддемізді қорғау үшін кез келген жағдайда іс-қимыл жасауға даяр тұратын армия қажет. Ал, мұндай армияны әскери құрылыстың тарихи тәжірибесіне және қазіргі заманғы көзқарастарға сүйенген ғылыми негізде ғана құруға болады » - деп атап көрсетеді [1].

Болашақ ел сарбаздарын жастайынан жауынгерлікке баулу, олардың бойына отаншылдық ерлік рухты қалыптастыру қазақстандықтардың ортақ парызы, тікелей міндеті болып табылады. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған салт дәстүрінен нәр алған қазақ елінің мындаған ұл-қыздары екінші дүние жүзілік соғыстың қанды майдандарында да қаһармандық талай қайталанбас үлгісін көрсетті.

Әскери қызметке келген азаматтардан ереже бойынша олардың (жас жауынгерлердің) денсаулық жағдайына, кәсіби дайындық деңгейіне, моралді-психологиялық сапаларына жоғары талаптар қояды. Ол міндетті түрде жауынгерлік антты қабылдауы. Жас жауынгер ант қабылдай отырып, толық қызметтік құқыққа ие болады және оған қызметтік міндеттер жүктеледі. Жас жауынгерлердің және де басқа да әскери қызметкерлердің берген анттарын бұзудың салдары тәртіптік және қылмыстық жауапкершілікке алып келеді. Әскери қызметтің басқа қызмет түрлерінен айырмашылығы бұл қызметтің өткір міндеттемелік сипаты және әрбір әскери қызметкерлердің өздерінің қызметтік міндеттерін орындауының жоғары деңгейі.

Жауынгерлік әрекеттің негізгі аймағы қарулы күрес және осы қарулы күреске әскери бөлімдердің құрамының дайындығы. Бұл қызмет түрі адам әрекетінің арнайы сипатына ие. Әскери-жауынгерлік қызмет басқа барлық қызмет түрлерінен өзінің тапсырмаларымен, мақсатқа жету құралдарымен, тәсілдерімен және жағдайларымен ерекшеленеді. Жауынгерлердің бейбітшілік кезеңдегі дайындығы оларға кенеттен жүктелетін міндеттерді сәтті орындауы үшін ұдайы жауынгерлік дайындықты ұстап тұру мен тұлғаның моралді-психологиялық сапаларын сақтап тұруға негізделген.

М.В.Фрунзе айтуы бойынша: «Әскери мекеме–өзінің мүшелерінен ерекше нақтылықты, орындаушылықты, шыдамдылықты, барлық өкімді орындаудағы жылдамдықты талап ететін спецификалық ұйым... » [2].

Әскери-оқу орындарының құрамының көп бөлігін жас жауынгерлер құрайды. Бұл орта білім беретін мектептерді, орта арнайы мекемелерді және суворов училищелерін бітіріп әскери оқу орындарына түскен немесе әскери жауынгерлік парызды өтеу үшін келген жас азаматтар.

Қазіргі заманғы қоғамда әскери қызметті өтеу немесе әскери оқу орындарына түсу ережелерге сәйкес барлық талаптарға сай, барлық азаматтар үшін (ауыл, қала т.б.) бірдей. Олардың барлығы арнайы кәсіби психологиялық іріктеуден өтеді, бұл іріктеу әскери қызметтің профессиограммасына сәйкес өткізіледі. Және қызметке немесе оқу орындарына толығымен қажетті тұлғалық сапаларының даму деңгейі, білімі, әскери-кәсіби қабілеттілігі, денсаулық жағдайы барлық талаптарға жауап бере алғанда ғана қабылданады.

Әскеи-білім беру орындарындағы оқыту-тәрбиелік үдеріс – бұл мақсатқа бағытталған, оқытушылар мен білім алушылардың бұйырылған әрекетті жоспарға сай орындауын талап ететін, жоғары біліктілік, тәртіпті, жан-жақты дамыған, жауынгерлік қызметте, оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруда жоғары дәрежеде тәжірибелік дағдылардан терең білімді офицерлерді дайындауға бағытталған жүйе [3].

Әскери мекемелердегі оқыту-тәрбие жұмыстары, басқа да азаматтық білім ордаларының жауынгерлерді саяси дайындықтан өткізуімен және басқа да айырмашылықтарымен ерекшеленеді. Бұл ерекшеліктердің ішінде ең маңыздысы *біріншіден* жас жауынгерлер өздерінің тұлғасын жан-жақты дамытып қана қоймай, белгілі бір дәрежедегі профилде әскери-кәсіби білім алып шығады.

Екіншіден, әскери-білім беру орындары тек әскери маманды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушыларды, әскери педагог пен тәрбиешіні дайындайды.

Үшіншіден, әскери-білім беру орындары үшін жауынгерлік (бөлім, взвод, рота, батарея

т.б.) және жоғары оқу орындары (оқу бөлімдері – сынып, курс, факультет) мекемелерінің сипаты тән. Оқыту-тәрбиелік жұмыстар қатаң жауынгерлік ережелермен, тәртіппен жүреді. Бұл жас жауынгерлердегі жоғары деңгейдегі тәртіптілік пен ұйымшылдықтың қылыптасуын қамтамасыз етеді.

Тәртіпшіден, әскери-білім беру орындарындағы оқыту-тәрбиелік жұмыстарының көп бөлігі сыныптар мен лабораторияларда емес, ашық аландарда, ауада, суда, жауынгерлік жағдайда өткізіледі. Бұл жағдайларда оқыту-тәрбиелік жұмыстарын жүргізу жас жауынгерлерде басшы мен ұйымдастырушы тұлғасын қалыптастыруда, жауынгерлік қызметке, күрделі жауынгерлік жағдайларға дайындық деңгейінің көтерілуіне мүмкіндік береді.

Бесіншіден, әскери-білім беру орындарындағы оқыту-тәрбиелік жұмыстарының орта мектептен айырмашылығы жауынгерлерді дайындаудағы педагогикалық әрекеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары [4].

Жас жауынгерлермен оқыту-тәрбие жұмыстарында маңызды орынды оларда әскери педагог пен ұйымдастырушының сапаларын қалыптастыру алады. Бұл қатысушыларды оқыту мен тәрбиелей білуге байланысты, яғни офицерлерден талап етілетін маңызды қасиеттердің бірі өзінің мазмұнында айқын көрінетін педагогикалық сипаттың болуы.

Жас жауынгерлердің толық массасы батальон, рота және взводтарға бөлінеді яғни олар белгілі бір ұжымдарды қалыптастырады. Жас жауынгерлік ұжымдарды әскери қатынаста жоғары дәрежеде дайындалған, көбінесе практикалық тәжірибесі бар командирлер басқарады. Олар ұжымдарды басқара отырып, тәртіп пен ережелерді нығайту үшін оларды оқу-тәрбие міндеттерін үлгілі орындауға бағыттайды, осы жағдайларға байланысты сәтті оқу мен күшті әскери тәртіптің нәтижесі ретінде жас жауынгерлердің бейімделуінің сәтті өтуі көрінеді.

Жас жауынгерлердің әрекетінің негізгі түрлері: оқу-теоретикалық, оқу-тәжірибелік, әскери-қызметтік, өз-өзіне қызмет көрсету.

Оқу-теоретикалық әрекет. Жас жауынгерлердің әрекетінде білімдерді меңгеру басты орынды алады. Бұл ақылды еңбек болып табылады. Оларды басқару оқытушыларға жүктелетін тапсырма. Жас жауынгерлердің оқу еңбектерін дұрыс ұйымдастыруда танымдық әрекетке деген қызығушылығы қалыптасады, ғылымның дамуына, жаңа басылымдарға ілесу қажеттілігі, жұмыстағы жүйелілік, ұйымдастырушылық пен икемділік, дербестік пен тәртіптілік, өзінің көзқарастарын дұрыс жеткізе білу, спорт пен диспуттарда нақты және ұстамды болу.

Оқу-тәжірибелік әрекет – бұл жас жауынгерлердің жауынгерлік тәжірибе мен сынақтан өтуде техникалар мен қару құралдарын тәжірибеде меңгеріп, оларды қолдануда, күтім жасап, түзетуде және түрлі оқу лабораторияларында, оқу орталықтарында, палигондарда, жазықтық жерлерде әрекет ете білу дағдылары мен білімдерін меңгеру. Әрекеттің бұл түрі жас жауынгерлердің тұлғасында моральді-әскери және командирлік сапалар мен кәсіби дербестікті тәрбиелеуде жоғары мәнге ие.

Әскери-қызметтік әрекет – жас жауынгерлердің тәуелсіздік наряд, қарауылдық және гарнизондық қызметті орындау, бөлімдердің командирлік және ағалық міндеттерін орындауымен байланысты [5].

Әскери училищелерде жас жауынгерлер өзіне қызмет көрсетумен айналысады: тұрғын жайлары мен қызмет орындарын, оқу орнының аймақтарын тазалау, тұрмыстық ыңғайлы ортаны жасау және түрлі тұрмыстық жұмыстар жасауға жұмылдырылады. Егер еңбектің бұл түрі дұрыс ұйымдастырылса, физикалық еңбекке (қара жұмыс) құрметпен қарайтын тұлғаны тәрбиелеп шығарады.

Жас жауынгерлердің тәрбиелеудің мазмұны келесідей құрылымнан тұрады: әскери-кәсіптік, өнегелік, құқықтық, эстетикалық және физикалық.

Әскери-кәсіби тәрбие жас жауынгерлердегі әскери парыз сезімін, сенімділік, антқа берілгендік, әскери қызметке, өз мамандығына деген махаббаты, әскери басқарушы мен ұйымдастырушылық сапаларды, күшті ерік пен дербестікті, жауапкершілік алуға дайын

болуды, шешім қабылдай алу, тұрақтылық пен кез келген жағдайда әскери-жауынгерлік міндетті соңына дейін орындай алу сияқты жауынгер үшін маңызды сапаларды қалыптастырады.

Өнегелік тәрбие жас жауынгерлердегі жоғары өнегелік саналылықты, тәртіптілік пен ережелер мен норманы, әскери қызмет талаптары сақтау әдетін, офицерлік абырой сезімі мен сананы, адалдық пен шыншылдықты, орындаушылық, әскери меншікке мұқият қарау, қоғамдық парызға саналы қатынастың қажеттігін саналай алуды, күнделікті өмірде сөз бен істің бірлігін қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылады.

Құқықтық тәрбие жас жауынгерлерде Конституцияға, әскери қызметте орнатылған тәртіпке деген жоғары құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Эстетикалық тәрбие жас жауынгерлерде сұлулықты түсінуді, әскери және жалпы жүріс-тұрыс мәдениетін, өзінің жеке өмірінде де өз қызметінің эстетикалық ерекшеліктерін сақтай алу және басшылар мен қол астындағы қызметкерлерге қарым- қатынас жағдайында әскери мәдениетті сақтау сапаларын қалыптастырады.

Физикалық тәрбие жас жауынгерлердің денсаулығын нығайту мақсатын көздейді, сонымен қатар олардағы физикалық күшті, батылдықты, шешім шығарғыштық қасиет пен икемділікті, әрекеті мен реакцияларының тездігін, төзімділікті, жоғары физикалық және психикалық қысым жағдайында жұмыс істей алу қабілетін, қол астындағыларына физикалық тәрбие жүргізе алу сапаларын дамытады [6].

Қорыта келгенде елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету – бүкілхалықтық іс болып табылғанымен, жас жауынгерлерге жаңа мұраттар негізінде білім мен тәрбие беру міндет. Олар қазақстандық патриотизм, көп ұлтты Отанына деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен гүлденуіне деген жеке жауапкершілікті сезіну қажет. «Ел қорғау – ердің ісі».

Қолданылған әдебиет

1. Азаматтарды әскери қызметке даярлау, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 118 Қаулысы
2. Калиев А.К. Инновации военного образования (на материалах Высшего военного училища внутренних войск Министерства внутренних дел Республики Казахстан): дисс. ... канд.пед.наук., 20.01.04 – Алматы, 2006. – 162с.
3. Современная военная психология: Хрестоматия / Сост. А.А. Урбанович. – Мн.: Харвест 2003. – 349 с.
4. Дьяченко М.И. Военная психология и педагогика. / М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович. – Минск.: Академиздат 2009. – 243 с.
5. Корчемный, П. А. Военная психология. – Москва : Изд-во ОВЛ, 2005. – 317 с.
6. Основы военной психологии и педагогики: Учеб. Пособие. - 2-е изд, перераб. – М.: Воениздат 1981. – 366 с.

УДК159.92

ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛЕ АЛМАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хасанова Айгерим Сериковна

Aiserikovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Психология мамандығының 1 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Айқынбаева

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде қызмет ету–оның әр азаматының